

FTAMP 03.20.00

<https://doi.org/10.26577/JH.2022.v104.i1.11>**Ф.А. Қозыбақова** 

Әл-Фараби атындағы Қазақ ұлттық университеті, Қазақстан, Алматы қ.
e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru

ҰЛТ ЗИЯЛЫЛАРЫНЫҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ КЕҢЕСТІК БИЛІК ЖАҒДАЙЫНДА ТӘУЕЛСІЗ АВТОНОМИЯ ҚҰРУ ҮШІН ЖҮРГІЗГЕН САЯСИ КҮРЕСІ (1917–1920 ж.ж.)

Аталған мақалада архив қорларында сақталған деректік құжаттарға, XX ғ. басында шығып тұрған мерзімді баспасөз материалдарынан алынған тарихи деректерге сүйене отырып Ұлт зиялыларының ұлттық автономия құру үшін жүргізген саяси күресі және олардың Кеңес өкіметімен жүргізген келіссөздеріне тарихи тұрғыда талдау жасай келе, нысандағы Қазақ АКСР – ның құрылуы және қазақ жері тұтастығының қалыптасу тарихы Алаш қозғалысының ұлттық – территориялық автономия құру жолындағы күресінің заңды жалғасы, тұтас бір тарихи процестің қорытындысы ретінде қарастырдық.

Мәселенің методологиясы: Қазақстан тарихында Кеңестік Қазақ автономиясының құрылуының өзекті мәселелерін жаңа тұрғыдан зерттеуге бағытталған жаңа тарихи ойлаудың концепциясын басшылыққа ала отырып теориялық методологиялық негізіне 20 – шы жылдардағы тарихи үдерістер мен қатар орын алған қарама – қайшылықтарға қарсы тұрған Алаш зиялыларының ұлт мәселесі жөніндегі ұстанымдарын алдық. Себебі, сол кезеңдегі «Кеңестік үлгідегі» құрылып жатқан қазақ елінің тарихында орын алған ұлттық саясат қазіргі таңдағы Қазақстан мемлекетінің сипатынан мүлдем өзгеше.

Ұлт зиялыларының мақсаты: Қазақ халқының көзін ашып, саяси санасын оятып, біліммен қаруландырып барып, бүкіл халық болып Ресей әкімшілігінен Ұлттық автономияны кез – келген өркениетке тән заң жолымен талап ету арқылы Ресей құрамындағы ұлттық – территориялық автономияға қол жеткізу еді. Олардың Ақпан төңкерісінен кейін «Алаш» партиясын құруы, Қазан төңкерісінен кейін «Алашорда» ұлттық үкіметін құруы және бүкіл қазақ жерлерін бір автономия құрамына біріктіруі осы мақсатқа бағытталды.

Түйін сөздер: Автономия, Қазақ АКСР-і, Ұлт, «Алаш», «Алашорда», большевик, Кеңес, Ресей, империя, саяси партия, Уақытша комитет, «Қазақ», «Айқап», «Ұлық Түркістан».

F.A. Kozybakova

Al-Farabi Kazakh National University, Kazakhstan. Almaty
e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru

Political struggle of nation intellectuals for the establishment of national autonomy in Kazakhstan under Soviet rule (1917 – 1920)

This article refers to documentary documents stored in archives, XX century. Historical analysis of the political struggle of the nation intelligentsia for national autonomy and their negotiations with the Soviet authorities, based on historical data from periodicals. We saw it as a legitimate continuation of the struggle for creation, as a result of a whole historical process.

Methodology of the problem, Guided by the concept of a new historical thinking aimed at a new study of the topical issues of the formation of Soviet Kazakh autonomy in the history of Kazakhstan, the theoretical and methodological basis of the historical processes of the 1920s and the contradictions of the Alash intelligentsia. This is because the national policy of that time in the history was emerging «Soviet-style» of Kazakh state and was completely different from the nature of today's Kazakhstan.

The goal of the nation's intelligentsia was to open the eyes of the Kazakh people, awaken their political consciousness, equip them with knowledge, and achieve national-territorial autonomy within Russia by demanding national autonomy from the Russian administration as a whole. Their goal was to form the Alash party after the February Revolution, to form the Alashorda national government after the October Revolution, and to unite all Kazakh lands into one autonomy.

Key words: Autonomy, Kazakh SSR, Nation, «Alash», «Alashorda», Bolshevik, Soviet, Russia, empire, political party, Provisional Committee, «Kazakh», «Aikap», «Great Turkestan».

Ф.А. Козыбакова

Казахский национальный университет им. аль-Фараби, Казахстан г. Алматы
e-mail: fatima.kozybakova@mail.ru

Политическая борьба национальной интеллигенции за создание национальной автономии в Казахстане при советской власти (1917-1920)

Эта статья относится к документальным документам, хранящимся в архивах XX века. Исторический анализ политической борьбы национальной интеллигенции за национальную автономию и их переговоров с советской властью, основанный на исторических данных периодических изданий. Мы рассматривали это как законное продолжение борьбы за созидание, как результат целого исторического процесса. Методология проблемы, руководствуясь концепцией нового исторического мышления, направлена на новое изучение актуальных вопросов становления советской казахской автономии в истории Казахстана, теоретико-методологических основ исторических процессов 1920-х годов и противоречий алашской интеллигенции. Это связано с тем, что национальная политика того времени в истории формировалась «по-советски» казахского государства и была совершенно иной по характеру сегодняшнего Казахстана. Целью национальной интеллигенции было открыть глаза казахскому народу, пробудить его политическое сознание, вооружить его знаниями и добиться национально-территориальной автономии в составе России, потребовав национальной автономии от российской администрации в целом. Их целью было сформировать партию Алаш после Февральской революции, сформировать национальное правительство Алашорды после Октябрьской революции и объединить все казахские земли в одну автономию.

Ключевые слова: Автономия, Казахская ССР, Нация, «Алаш», «Алашорда», Большевик, Советский, Россия, империя, политическая партия, Временный комитет, «Казах», «Айкап», «Великий Туркестан».

Кіріспе

XX ғасырдың басында – ақ Ресей үкіметіне қарсы кез – келген қарулы көтерілістің жеңіліске ұшырайтыны және көтеріліс арқылы жеңіске жетудің мүмкін емес екені белгілі болды. Осындай жағдай, Ресейдің отарлық саясатына қарсы бағытталған жаңа күш, жаңа бағыт қазақ даласында біртіндеп қалыптасты. Бұл кейіннен «Алаш» партиясын құрған ұлт зиялыларының қозғалысы еді. Бірақ өкінішке орай большевиктерге қарсы болған Алашорда мүшелері Қазақстандағы большевиктердің жеңісінен кейін, сенімсіз саяси элементтерге айналды да, ең күрделі мәселе Кеңестік негіздегі ұлттық автономияны басқару жұмыстарына тікелей араласа алмады. Большевиктердің билікке келуі олардың бейбітшілік пен эволюция жолына қатысты жоспарын бұзды. Дегенмен басып жаншу мен террор әдістерін таңдаған большевиктер алашордалықтардың көптеген идеяларын қабылдауға мәжбүр болды. 1-ші автономия, аппаратты жергіліктендіру, ұлттық мектептер мен университеттердің ашылуы. 2-ші Қазақ автономиясының шекаралары да Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков пен олардың серіктері көрсеткен аумақтық сызықтардан өтті. Қазақ зиялыларының өсиетке қалдырған саяси

құжаттары бүгінде Қазақстан Республикасының Конституциясында іске асыруға тиісті көптеген позицияларын белгіледі. Бұл олардың идеялары бүгінгі күні де өзекті екендігінің дәлелі.

Материалдар мен әдістер

Зерттеу нысанына алынған тақырыппен байланысты архив қорларында сақталған деректік құжаттарға, XX ғ. басында шығып тұрған мерзімді баспасөз материалдарынан алынған тарихи деректерді сараптау, Ұлт зиялыларының ұлттық автономия құру үшін жүргізген саяси күресі және олардың Кеңес өкіметімен жүргізген келіссөздеріне тарихи тұрғыда талдау жасау басты назарға алынды. Алаш зиялыларының ұлт мәселесі жөніндегі ұстанымдарына қатысты тарихи ойлар, көзқарастар, зерттеулерге деректік, тарихнамалық талдау жасалынды. Бұран құпия болған мұраған құжаттары қаларып, ғылыми айналымға ұсынылды.

Нәтижелер мен талдаулар

XIX ғасырдың екінші жартысы мен XX ғасырдың басында Қазақстан өлкесі Ресей империясының саяси – құқықтық, әлеуметтік – экономикалық және рухани – мәдени қатынастар

жүйесінде өмір сүруге мәжбүр болды. Ресейдің отарлық жүйесі Қазақстан өлкесінде ғасырлар бойы қалыптасқан дәстүрлі қоғамдық қатынастарды қиратып, өзіне тән табиғи даму жолынан айырды. Ресей мен Түркістан арасындағы «отар – метрополия» үлгісіндегі қатынастар Қазақстан өлкесін Ресей империясының арзан шикізат көзіне, өткізу нарығына айналдырды. ХХ ғ. басында қазақ халқының 45 млн десятинаға жуық жерінен айырылып, оның 23,1% славяндық қоныстанушылардың иеленуі (Нұрпейісов, 1995: 30), жер – қазақтың тірі не өлі болу мәселесін туғызып, ұлттың жан айкайына айналды. Сондықтан өмірдің нақтылы шындығын, туған халқының ауыр тұрмысын қоғамдық-саяси бағыттағы теориялық білімдері арқылы зерттеп, шешуге ұмтылған Алаш зиялылары саяси күрестің сол кезеңдегі барлық сынақтары мен тәжірибелерінен өте алды. Қазақ интеллигенциясының дербес саяси күші ретінде белсенді қоғамдық күреске араласуы 1905 жылдан басталады.

Әсіресе, 1905-1907 ж.ж I-орыс революциясы тұсында ұлт тұлғалары саяси белсенділік танытты. 14,500 адам қол қойған атақты «Қарқара петициясы» жазылды (ҚР ОМА; 424, т.1, іс. 112, 8-п). Алаш зиялылары Ресей парламентаризмінің мүмкіндегінде пайдалануға ұмтылды, бірінші және екінші Мемлекеттік Думаға (Ә. Бөкейханов, М. Тынышпаев, А. Бірімжанов, Б. Құлманов) мүше болды. Олар Үкіметке оппозициялық көңіл-күйде болды, ушығып тұрған аграрлық мәселені көтерді. Столыпиндік аграрлық реформаны, оның негізгі бағыттарының бірі-Орталық Россиядан Қазақстанның далалық облыстарына, орыс шаруаларын жаппай көшіру ісін әшкереледі, мұны Қазақстан мен Орталық Азияны отарлауды күшейтетін, жергілікті халықтарды тонаудың шырқау шегіне жеткізетін мемлекеттік саясат ретінде айыптады. Мұнымен қоса ұлт зиялылары халықты рухани оятуға кірісті. Зиялылар мерзімдік баспасөз органы Жалпыұлттық «Айқап» журналының (1911-1915), «Қазақ» газетінің, (1913-1918) екі миллионға жуық тиражбен басылған қазақ кітаптарының жарық көруі осының айғағы. Алаш интеллигенциясы бірінші дүниежүзілік соғыс жылдарындағы барынша көтерілген қазақтан солдат алу мәселесіне де ат салысты. Стихиялық түрде басталған халық наразылығының зардабын жою ісіне араласты. 1916 жылғы ұлт-азаттық көтеріліс патшалық биліктің ірге тасына соққы беріп, Қазақстан халықтарының ұлттық санасының

оянуына түрткі болды (Пятковский, 1960: 795). Алашорда үкіметінің өмірге келуіне тікелей себепші болған 1917 жылдан ақпан айындағы Ресей мемлекетіндегі биліктің құлауы Алаш қозғалысы жетекшілерін қазақ жерінде ұлттық автономия құру туралы шешім қабылдауға алып келді.

Уақытша үкіметтің басқа да шет аймақтардағыдай Қазақстанда да ең өзекті ұлт өміріне қатысты мәселелерді шеше алмаған тұрақсыз саяси билікке айналуы, бүкіл елді қамтыған анархияға, зорлық-зомбылыққа ұласуынан көрінді. Қазақ облыстарында асқынған жер мәселесін шешуге бағытталған әрекеттің болмауы, атты қазақ әскері, қарулы әскер мен қоныстанушылардың панасыз жергілікті халық үстінен жүргізген озбырлығының өрши түсуі соның айғағы болатын. Ақпан революциясынан кейінгі уақытта бір жағынан, ұлт – азаттық көтеріліс жаңа бағыт алып, елдің өз бостандығы үшін пәрменді әрекеттерге көшуге ынтасы анық байқалса, екінші жағынан, керісінше отаршыл күштер мен оның жергілікті сүйеніш тіректері ұлт – азаттық қозғалысты басып-жаншуға бейімділік танытты. Елдегі осындай жағдайдан хабар беріп отырған «Қазақ» газеті қарашадағы сандарының біріне мақала жариялады: «Қазан айының басынан бері Пішпектегі қазақ, сарт халықтарының тынышы кетіп тұр. Солдаттар, солдат қатындары, тағы кім екені белгісіздер күндіз – түні демей ұрлап, талап, ұрып-соғып қатты жәбір беріп тұр. Теңдік заман туды десек те, біздің Жетісу ескі қорлықтан құтыла алмай тұр» (Нысанбаев, 1998: 320). Ол жөнінде сол кездегі тарихи оқиға куәгері А.Кенжин: «Контрреволюциялық пиғылдағы орыс-казак әскерінің қоршауында қалған Қазақстан өзін қалай да бейтарап ұстай алмайтын еді. Ондай бейтарапта болу үшін Қазақстанның басқаларды өзімен есептесуге мәжбүр етерліктей салмағы (қарулы әскері) болуы керек еді», - деп жазды (Омарбеков Т., Омарбеков Ш., 2004: 325). Міне, осындай жағдай қазақ зиялылары арасында ұлттық мемлекет туралы мәселенің қойылуына толық негіз болды. 1917 жылдың күзінде болған төңкерістің дамуы азаматтық соғысқа және сол арқылы диктатураға қадам басты. Бұның алғашқы белгілері Қазақстанда да көріне бастады.

Азаматтық соғысқа келесі қадам 1917 жылдың 25-ші қазанында (ескіше) жасалды. Бұл жайында В.И.Ленин: «елде азаматтық соғыс төңкеріс болғаннан кейін келесі күні басталды» – деді. Большевиктер билікті тартып

алды. Қазақ халқы бұл революцияны қалай қабылдағанын білмеді. Бірақ ол кейбір аймақтарда большевиктік топтардың басшылығымен қабылданды.

Енді Кеңестік билік үшін күрес азаматтық соғыс арқылы жалғасты. Большевиктерді қолдамағандардың барлығына «халық жауы» деген ат тағылып, күдік туғызғандардың барлығы репрессияға ұшырады. Бүкілресейлік төтенше комиссиялар құрылып жұмыс істей бастады. Сондықтан қарапайым халықтың көпшілігі большевиктердің айтқанымен жүруге мәжбүр болды. Сол кездегі кеңестік бағдарламаларда пролетарлық мемлекеттегі азаматтық соғыс буржуазияның, кулактардың ықпалымен болды деп жазып, халықтың ойында сондай пікірлерді қалыптастырғысы келді (Қаражанов, 2002: 34).

Большевиктердің саясаты қазақ жеріне келгенде, елдегі зиялы өкілдер де ұлт мүддесі үшін пролетариат диктатурасын қолдамады. Ақпан революциясынан кейінгі кезеңде өз бостандығы үшін күреске шыққан отарлық езгідегі халықтарға большевиктер партиясы рұқсатты тек кеңестік негіздегі автономияға ғана беретіндігін мәлімдеді. Ленин мен Сталин Түркістан Кеңестерінің съезіне жолдаған хатында: «Халық Комиссарлар Кеңесі сіздердің өлкелеріңіздің кеңестік негіздегі автономия болғандығын қолдайды» (Бөкейхан, 1994: 4). – деп көрсетті. Лениннің бұл ойын кеңестік қоғам қайраткерлері кеңестік билікті қолдайтын жұмысшы-шаруалардың автономиясы деп түсінді. Ленин оған қарсы шығып, оларға өзін – өзі билеу құқығын беретінін айтты, оның ойынша Түркістан халықтарының әлі пролетарлық буржуазиялық көзқарастарының сәйкес келмейтіндігіне сана-сезімі жетпеген, олардың сана – сезімі бұл деңгейге жетем дегенше большевиктер бұларды коммунизм жолына түсіріп алатын болады, – деген еді. Лениннің осы мәселеге байланысты Орта Азия халықтарында қалыптасқан нақты жағдайға тоқталып, олардың толық жетілуін күтіп, оған дейін халықтың талабын орындау арқылы ұлт мәселесін шешуге болатындығын айтады (Бөкейхан, 1994: 14).

Алдағы күнді болжай білген қазақ зиялылары қоғамдық сұранысты біле отырып, саяси партия құру әрекеттеріне бел шеше кірісті. Соған орай тұңғыш қазақ съезін шақыру туралы шешім 1917 жылы сәуір айында өткен Торғай облыстық қазақ съезінде қабылданып, съезд оны дайындауды Ә.Бөкейханов пен А.Байтұрсынов бастаған бір топ қазақ зиялыларынан тұратын айрықша

бюроға тапсырды. Аталған бюро облыстық қазақ съездерінің аяқталуын күтіп жүрген күрделі саяси жағдайда Ә.Бөкейханов бастаған қазақ зиялылары 1917 жылдың 21-26 шілдесі аралығында Орынбор қаласында бірінші «Жалпы қазақ съезін» шақырды. Оған Ақмола, Семей, Торғай, Орал, Жетісу, Сырдария, Бөкей Ордасынан және Ферғана облыстарының қазақтары қатысады. Онда «Алаш» партиясының құрылуы жарияланған болатын. Бұл съезде Алаш партиясының көптеген идеялары талқыланып, кейінірек олар оның саяси бағдарламасына негіз болды. Оның күн тәртібіне қазақ қоғамынан элеуметтік-экономикалық және қоғамдық-саяси өміріне тікелей қатысы бар аса маңызды 14 мәселе енгізілді. Олардың басым көпшілігі сәуір-мамыр айларында болған облыстық қазақ съездерінде алдын-ала талқыланып болатын, 10 маңызды дегендері жалпы қазақтық Құрылтайға ұсынылған еді. Олар 1. Мемлекет билеу түрі; 2. Қазақ облыстарынан автономия; 3. Жер мәселесі; 4. Халық милициясы; 5. Земство; 6. Оқу мәселесі; 7. Сот мәселесі; 8. Әйел мәселесі; 9. Дін мәселесі; 10. Қазақ саяси партиясы т.б. Осы мәселелер талқылана келе:

- қазақ жері жеке меншікке және переселендерге берілмеуі керек;

- қазақ жерінде өндірілетін барлық заттар халықтың экономикалық тәуелсіздігіне қол жеткізуі үшін негізделінуі тиіс;

- мемлекеттің негізін қазақ халқы құрайды;

- ғылымы мен білімі, салт-дәстүрлері мен заңдары негізінде ұлттық демократиялық мемлекет құру керек дей отырып, Алаш зиялылары съезде **Қазақстан үшін қажетті дамудың жаңа жолын** белгіледі.

Съезде «Қазақ автономиясы» мәселесін талқылауда М.Дулатов, А.Байтұрсынов және т.б. федерацияға кірмейтін тәуелсіз ұлттық автономияны жақтады. Алайда, бұл идеяны Ә.Бөкейхан қолдамады (Зиманов, 1970:149). Ол «демократиялық, федеративтік және парламенттік Ресей республикасының құрамындағы» қазақтың ұлттық-территориялық автономиясын қолдады (Нұрпейісов, 1995: 117). Өртүрлі пікірлер талқыға салынғаннан кейін, съезд «қазақ облыстары ұлттық-территориялық автономия алуға тиіс» деген шешімге келді. Съездің отаршылдыққа қарсы сипатын жер мәселесіне байланысты қабылданған қаулысынан-ақ анық байқауға болады. Жалпы алғанда Бірінші жалпықазақ съезі тек осы жер мәселесін тиісті деңгейде қою арқылы-ақ жалпы ұлттық дәрежеге

көтеріліп, өзінің тарихи міндетін орындаған болатын. Съездің оқу – ағарту ісі, әйел теңдігі және дін мәселесі бойынша қабылданған шешімдері қазақ демократиялық интеллигенциясының бұл қоғамдық мәселелерді түсініп шешуде өз заманындағы қоғамдық ойдың алдыңғы қатарында тұрғанын айғақтайды. Мәселен, съезд оқу-ағарту ісіне байланысты «бастауыш білім жалпыға міндетті болсын, бастапқы екі жылда оқу ана тілінде жүрсін, мектеп оқулықтары және мерзімді басылым «Қазақ» газеті емлесімен жазылсын» деп көрсетіп, әйел теңдігіне байланысты «әйелдер саяси құқықта ерлермен тең, ерге шығу еркі әйелдің өзінде болсын, қалыңмал жойылсын, 16-ға толмаған қызға құда түсу болмасын, неке қиярда әйел мен еркекті беттестіріп ризалықтарын біліп отырсын» деп қаулы етті. Осыдан кейін бірінші жалпықазақ съезі қазақ саяси партиясын құру туралы шешім қабылдады.

«Қазақ» газетінің басқармасы 5 қазан күнгі санында «Алаш партиясы» деген мақала жариялап, онда Алаш партиясының құрылғандығы және бірінші жалпықазақ съезінің қаулысы партия бағдарламасының негізі деп жазады. Съезд қаулысы таныс болғандықтан, Алаш аты партияның ұраны болып қалыптасады (Қойгелдиев, 1995: 302). Сөйтіп ұлт зиялыларының негізгі мақсаттарының бірі болған қазақтың Алаш саяси партиясы дүниеге келді.

Сөз жоқ, 1917 ж. Ресейде болған ақпан революциясы монархиялық жүйені құлата отырып, Қазақстанға, оның құрамындағы басқа аймақтарға да қатты әсер етті. Патшаның тақтан тайдырылуы елде парламенттік республиканың құрылуына жол ашты. Алайда Ақпан революциясы нәтижесінде келген Уақытша үкімет бұл мүмкіндікті жүзеге асыра алмай уысынан шығарып алды. Одан кейінгі болған большевиктер бастаған 1917 жылғы қазан төңкерісі нәтижесінде билікке келген Кеңес үкіметі сол уақытқа дейін отарлық тәуелділікте азап шеккен қазақ халқына өзін-өзі билеу мүмкіндігін беру міндетін күн тәртібінен алып тастап, оның орнына тек кеңестік, яғни таптық негіздегі билік жүйесін енгізетінін мәлімдеді. Большевиктер бастаған Кеңес үкіметі бұл мәселені түпкілікті тежеп, мемлекеттік басқарудың басқа формасы Кеңестік Республикасын құрды. Ал оның бағдарламасын жасаған және теориялық негізін қалаған В.И.Ленин болды (Ленин, 1969:30). Елде 1917 жылғы қазан төңкерісінен кейін, ұлттық, ұлттық – мемлекеттік мәселелер өткір

сипат алып, талқылана бастады. Мәселен: Елдос Омарұлы 1927 жылы тергеушіге берген жауабында мынандай ойды білдіреді: «Мен барлық басқа ұлтшыл отандастарым сияқты қазақ елім жақсы өмір сүрсе екен деген ойдамын. Қазақ халқы экономикасы мен мәдениетін еркін дамытқанын қалаймын...» (ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, 6 қ. № 011494 іс, 2 т., 15 п.). Алашорда үкіметінің төрағасының орынбасары Халел Ғаббасов 1927 ж. 25 қаңтарда берген жауабында, «–Халық бүтін және бөлінбейтін құбылыс, соған байланысты мен саяси қызметімде (басқалармен бірге) тек қана жалпыұлттық мүддені басшылыққа алдым...», – деп көрсетеді (ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, 6 қ. № 078754 іс, 1 т., 386-387 пп.).

Алаштықтардың бұл ұстанымы осы мезгілде Азия және басқа континенттерде жүріп жатқан ұлт- азаттық қозғалыстардың бағдарламалық ұстанымымен толық үйлесімді еді. Сондықтан тәжірибе көрсеткендей большевизм тарапынан ұлт өміріндегі кезекті де, міндетті кезең өзін-өзі басқарудың орнына таптық жіктелуді енгізу Кеңес үкіметінің теориялық қателігі, ал өмірлік тәжірибе тұрғысынан ұлт өміріне жасалған қиянат еді. Орынбор қаласында өткен бірінші жалпықазақ съезіндегі барлық қабылданған қаулылар оң нәтиже бере бермеді. Елдегі саяси жағдай күннен – күнге күрделене берді. Міне, осындай жағдайда қазақ зиялыларының арасында ұлттық мемлекет құру мәселесінің қойылуы толық негізді болатын. Сөйтіп 1917 жылдың 5 желтоқсанында Орынбор қаласында 2-ші қазақ-қырғыз съезі ашылды. Бұл съезге барлық қазақ облыстарынан, Қазақстаннан тыс жерлерден, атап айтқанда Алтай губерниясы мен Самарқан облысы қазақтарынан және Жетісу облысы қырғыздарынан барлығы 82 өкіл қатысты.

Ұлттық автономия құру проблемаларын Алаш қайраткерлері жақсы түсінді. Большевиктердің Халықтардың өзін-өзі билеу құқығына арналған бос ұрандарына қарсы, олар Қазақстанның автономиялануына арналған саяси және экономикалық тұрғыдағы негізделген бағдарламаны ұсынды. Алаштықтардың бағдарламасының негізгі идеясы Ресей империялық мемлекеттік құрылымнан – демократиялық федералды республикаға айналуы тиіс. Ресей құрамында, демократиялық федерация қалыптасқан жағдайда автономды мемлекет немесе өз алдына жеке егемен мемлекет құру еді. Алаш партиясының бұл бағдарламасы

қазақ мемлекеттілігін эволюциялық жолмен қалпына келтіру үшін дұрыс таңдау жолы еді. Қазақстанның дамуы партия көшбасшыларына тек Ресей федерациясының құрамындағы автономиялық субъект ретінде көрінді.

Қазақ интеллигенциясының бұл позициясы, олардың көзқарасы бойынша, Қазақстан РКФСР-дің құрамына кең өкілеттігі бар автономиялық республика ретінде кіреді деп болжанған болатын. «Автономиялық, бірақ – мемлекет» деген орынды иеленеді деген үлкен үмітте болды. Осылайша Алаш зиялылары Қазақ мемлекеттілігін кеңестік жағдайда да қайта қалпына келтіруге алғашқы қадамдар жасады. Съездің күн тәртібіндегі ең негізгі мәселе, әрине, ұлттық автономия болды. Әр аймақтан келген өкілдер бұл мәселе бойынша Ә.Бөкейхановтың баяндамасын тыңдап, талқылады. Содан кейін Қазақ автономиясы, милиция, Ұлт кеңесін құру істері бойынша 5 мүшеден тұратын комиссия сайлап, осы комиссияның атынан баяндаған Х.Ғаббасовтың сөзін негізге ала отырып, арнайы қарар қабылдады. Қарарда былай көрсетілді: Ресей мемлекетінде халыққа сенімді үкіметтің жоқтығын, әкімшілік болмағасын халық бұзылып кететіндігін, одан кейін бүкіл мемлекет бүлініп, бұл бүліншілік қазақ-қырғыздың басына келуін ойлап, бүкіл қазақ-қырғызды біріктіретін өкімет керек екендігін ескеріп, съезд бір ауыздан келесідей қаулы қабылдады:

- Бөкей елі, Орал, Торғай, Ақмола, Семей, Жетісу, Сырдария облыстары, Ферғана, Самарқан облыстарындағы және Әмудария бөліміндегі қазақ уездері, Закаспий облысындағы және Алтай губерниясындағы іргелес болыстардың жері бірыңғай, іргелі халқы қазақ-қырғыз, қаны, тұрмысы, тілі бір болғандықтан өз алдына ұлттық – жерлі автономия құруға.

- Қазақ-қырғыз автономиясы «Алаш» деп аталсын.

Съезд делегаттары қазақ автономиясын құру қажеттігін қолдағанымен, оны жария ету мерзіміне келгенде бөлініп кетті. Делегаттардың біразы қазақ автономиясының құрылғандығын бірден жария етелік деді. Ал екінші бөлігі автономияның құрылғанын ресми жария етуді Алашордаға тапсыралық, өзі қажет деп тапқан уақытта жарияласын деді (Ауанасова А.М. Нурпеисов Е.К., 2017: 81). Бұл арада қазақ автономиясын жариялауды кейінге қалдыруды жақтаған топтың ішінде Ә.Бөкейханов та болды. Оны қолдаған топ ең алдымен ешқандай дайындықсыз автономия жариялай салу ел ішіндегі қарулы топ

пен қазақ атты әскерінің наразылығына қалып, қарусыз қазақты қырып алудан қауіптенді. Сондықтан бұлар автономияны жарияламастан бұрын Түркістан қазақтарының келісімін алып, ұлттық әскер құрып, сонымен бірге іштегі өзге ұлт өкілдерімен келісім жүргізіп, оларды даярлауды мақұл көрді. Бұл сол уақыттағы өмір талабынан туған астарлы көрегендік болатын.

Съезд белгілі бір дәрежеде жаңа құрылған үкіметтің ұлтаралық саясаттағы негізгі бағыттарын да белгілеп берді. Оның қаулысында былай деп көрсетіледі: «V. Қазақ – қырғыз арасында тұрған аз халықтардың құқықтары теңгерілді. Алаш автономиясына кірген елдердің бәрі бүкіл мекемелерде санына қарай орын алады. Алаш автономиясының қол астында жерсіз халықтар болса, оларға ұлт және автономия беріледі». Бұл жай белгілі бір арзан мақсаттарды көздеген саяси мәлімдеме емес екенін мына фактіден көруге болады: « I Съезде құрылған Ұлт кеңесі Алашорда үкіметіндегі 25 орынның 10 орны қазақ – қырғыз арасындағы басқа халықтарға қалдырылды (Қазақстан тарихы, 2010: 751). Сондай – ақ съезде қаралған үлкен мәселелердің бірі – халық милициясын, яғни ұлттық әскер құру болатын. Съезд қарарында: «осы күні мемлекет ішінде бассыздық, жаппай тонау, қарбалас болып жатқанын ескеріп, қазақ-қырғызды бүліншіліктен қорғау үшін... ешбір тоқтаусыз милиция түзуге кірісу» қажеттігін айтып, нақты шараларды белгілеп бекітті. Жалпы қазақ – қырғыз съезі «Алаш облыстарын қазіргі бүліншіліктен қорғау мақсатымен уақытша Ұлт кеңесін құрып, оның аты «Алашорда» болсын», – деді. Жаңа құрылған үкіметтің құрамындағы мүшелер әр облыстан және облыстан тысқары аймақтардан бір – бір адамнан болды (Күзембайұлы А, Әбил Е., 1999: 243). Бұдан кейін съезд демократиялық негізде Алашорда Ұлт кеңесі төрағасын сайлады. Бұл қызметке үш кандидатура ұсынылып, дауыс беру нәтижесінде 79 дауыстың 40-ын алған Ә.Бөкейхан Ұлт Кеңесінің төрағасы болып сайланды. Сонымен, қазақ-қырғыз съезі орталық билік – Ұлт Кеңесі Алашорда үкіметін, халық милициясын және ұлт қазынасын құру ісіне жете көңіл бөлінді. Съезде оқу – ағарту ісі де талқыланды. Бұл мәселе бойынша М.Дулатұлының баяндамасын тыңдап, талқылап және сол мәселе бойынша қаулы қабылдап 5 адамнан тұратын комиссия құрылды. Комиссия мүшелеріне А.Байтұрсынов, М.Жұмабаев, Е.Омарұлы, Б.Сәрсенов, Т.Шонанұлы сияқты кейіннен бұл салада сіңірген еңбектерімен елге

аты белгілі болған адамдар сайланды. Съезд бұл құрылған комиссияны қазақ-қырғыз елінде оқу ісін жүргізу тұжырымдамасын жасап, талқыға ұсынуды, сондай-ақ тез арада қазақ мектептері үшін оқу бағдарламасын дайындауды және жедел түрде оқулықтар жазу ісін ұйымдастыруды тапсырды (Қойгелдиев, 1995: 329).

Бұдан басқа қазақ үшін ең маңызды болып саналатын жер мәселесі съезде қаралмады. Мұның өзіндік себептері де болды. Съезд өкілдері мемлекет болу үшін жердің маңызды екенін білгенмен, қарбалас кезеңде жер сияқты даулы мәселені съездің күн тәртібіне қойып, көрші жұрттың, сыртқы күштің үлкен наразылығына қалуды жөн көрмеді. 1918 жылғы 5 қаңтардағы Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының күшпен таратылуы Алаш автономиясын құру мүмкіншілігін мүлдем тарылта түсті. Бүкілресейлік Құрылтай жиналысының таратылуы белгілі дәрежеде қазақ қоғамының (тек оның ғана емес) Орта Азиядағы түркі тілдес мемлекеттердің (Өзбекстан, Түркіменстан, Қырғызстан, Қарақалпақ) 1917 жылғы ақпан революциясынан бергі әлеуметтік-экономикалық, саяси және басқа да мәселелерін өз бетінше шешуге мүмкіндік беретін біртұтас ұлттық-демократиялық даму жолына түсу үмітіне шек қойып, Қазақстанның бұдан былай да орталық биліктің дөңгелегіне мықтап байлаулы күйінде қалғандығын көрсетті Бүкілресейлік құрылтай жиналысы арқылы ұлттық автономия алудан үміттенген Алашорда басшыларының Құрылтай жиналысы таратылғаннан кейін большевиктер арасындағы қарама – қайшылық тереңдей түсті (Алаш қозғалысы, 2008: 331).

«АЛАШ» партиясына біріккен ұлттық зиялы қауым большевиктерге қазақ қоғамына мүлдем жат әлеуметтік тәжірибені күштеп таңушы, қазақ жұртына іріткі салушы күш ретінде қараса, большевиктер Алаш қозғалысына ұлттық буржуазия мен феодалдық таптық мүддесін жанұшыра қорғайтын контрреволюциялық күш ретінде қарады.

Саяси оқиғалар қалай өрбісе де алашордалықтар ұлттық мемлекет құру бағыттарынан айнамады. Бірақ большевиктердің жеңісі бұлардың іс-әрекетіне кедергілер қоя бастады. 1918 жылы қаңтарда Кеңестердің Бүкілресейлік III съезінде В.И.Лениннің дайындаған «Еңбекшілер мен қаналған халықтардың құқықтары Декларациясы» қабылданды. Бұл құжатта Коммунистік партияның кеңестік республикалардың мемлекеттік құрылымы түріндегі кеңестік федера-

цияны ымырасыз жақтайтыны айқын көрсетілді. Декларацияда «Кеңестік Ресей Республикасы еркін ұлттар одағының негізіндегі кеңестік ұлттық республиканың федерациясы түрінде құрылады» делінген.

РСФСР құрылғаннан кейін елдің шығысында жаңа автономиялық республикаларды құруға дайындық жұмыстары басталды. Большевиктік ұйымдар, Қазақстан және Түркістанның Кеңестері Кеңестік Бүкілқазақ, Бүкілтүркістандық съездерін шақыруға дайындала бастады. 1918 жылдың көктемінде еліміздің оңтүстігінде Түркістан автономиялық Кеңестік Социалистік Республикасы (ТАКСР) құрылды. Оның құрылуы 1918 жылғы сәуірдің 20-нан 1-ші мамырға дейін Ташкент қаласында өткен Түркістан өлкесі Кеңестерінің V съезінде іске асты. Қазіргі Қазақстанның оңтүстік аймағы (бұрынғы Сырдария және облыстары) Түркістан автономиясының құрамына кірді. Бірақ 1918 жылы қаңтарда Кеңестердің III Бүкілресейлік съезі Ленин дайындаған «Еңбекшілер мен қаналушы халықтар құқықтарының Декларациясында өзге ұлттардың өзін-өзі билеу құқы жоққа шығарылды. Осылайша, әуелі 1918 жылы 3 қаңтарда Бүкілресейлік Құрылтай жиналысы, одан кейін 5 ақпанда Ташкент кеңесі шешімімен Қоқан шабуылмен алынып, Түркістан автономиясы күшпен таратылды. Қазақстанның қалған жерінде – Торғай, Ақмола, Семей облыстарында және Маңғыстауда Қазақ кеңестік мемлекеттілігін құруға дайындық жөніндегі күрделі жұмыс одан әрі жалғастырылды. Қазан революциясынан бұрын-ақ Қазақ либералдық-демократиялық қозғалысының жетекшілері мемлекет құру процесінің кеңестік жолмен шешілуіне келісе алмады. Мұндай қарсылықтың себептері мынада еді: біріншіден қазақ зиялылары әуел бастан тәуелсіз ұлттық автономия жоспарласа, екіншіден олар Қазан революциясын қабылдамады. Кеңес өкіметін мойындамай, оны заңсыз орнаған мемлекет деп есептеді. Сондықтан Алаш зиялылары ұлттық мемлекет құру үшін күресті ары қарай жалғастыра берді. Ұлттардың өзін – өзі билеу құқығын талап етуі заңды процесс ретінде түсінген Алаш азаматтары Кеңес өкіметімен келіссөздер ұлттық автономия алу мәселесін шешуді қолға алды. Осы 1918 жылдың наурызында Алашорда үкіметінің тапсыруымен Халел және Жаһанша Досмұхамедовтер Оралдан Мәскеуге барып, Халық Комиссары Кеңесінің төрағасы В.И.Ленинмен және ұлт істері жөніндегі халық

комиссары И.В.Сталинмен кездесіп, оларға 1917 жылғы желтоқсанда өткен екінші Қазақ-қырғыз съезінің қаулысын табыс етті. Сталин қаулымен танысқаннан кейін 19-20 наурызда Семейдегі Ә.Бөкейханов және Х.Ғаббасовпен телефон арқылы сөйлесті. Сөз Алашорда автономиясының мәртебесі туралы болды. Телефон арқылы сұхбаттасудағы И.Сталиннің сөзі «Сарыарқа» газетінің беттерінде қазақ тіліне аударылып жарияланды. «Ресейдегі халықтардың құқықтары туралы халық комиссарлары шығарған ережесі бұл күнге шейін ұлт мәселесі тақырыбын Кеңес өкіметінің негізгі қызмет жобасы етіп келеді. Үшінші Кеңестер съезі осы ережені жалғастыруға қаулы қылды. Өзінің бізге тапсырып отырған жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы түгелімен жоғарғы жобаға сай келеді. Бірақ жалғыз-ақ шарт қоямыз: егер сіздің съездің қаулысы өкілдеріңіздің Кеңес өкіметін тануға қарсы болмаса болғаны, Үшінші кеңестер съезі кеңестік федерация жобасын жасап, бұл жоба Кеңестер съезінің бекітуіне салынсын деп қаулы қылды. Осыған қарағанда енді сөзді қойып, іске кірісу керек, яғни тұрмысы бір, салты басқа халықтар жергілікті кеңестермен қосылып автономия, федерация тегінде басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығаруға съезд шақыратын комиссия құруға тырысу керек. Біз ойлаймыз, жалпы қазақ-қырғыздың өкілдері тез қамданып, ыңғайлы уақытты өткізбей, жергілікті Кеңестермен бірігіп әлгіндей комиссия құрар. Сізден өтінетініміз, біздің осы жобамызды Алашорданың кеңесіне салып жауап қайтарсаңыздар екен» (Нұрпейісов, 1995:19) – деген мазмұнда болды.

Бұл берілген Сталин сөзіндегі ең елеулі нәрсе оның жалпы қазақ-қырғыз съезінің қаулысы мен Ресей халықтарының құқығы туралы декларацияның өзара үндес екеніндігін мойындауы еді. Міне, осы үндестік Кеңес өкіметіне Алашорданы мойындауға негіз болатындығын білдіріп, Сталин тек жалғыз ғана шарт қояды. Ол өз ретінде Алашорданың Кеңес өкіметін мойындайтындығын мәлімдеуі болатын. И.Сталиннің сөзінен тағы бір жайтты аңғаруға болады. Кеңес үкіметі «басыбайлы бөлініп кету секілді ұлт ниеттерін жарыққа шығару» үшін ең алдымен оны мойындау қажеттілігін талап етті. Сонымен бірген автономия алу мәселесі орталықта шешілетіндігін ескертті. Алашордалықтар үшін мұндай жағдай қиындық тудырғанымен олар Сталиннің ұсынысын талқылап, автономияға қатысты өз

шешімдерін мәлімдеді. Ол қаулы төмендегідей еді: 1918 жылы наурыздың 21-інде Алашорданың мүшелері ұлт жұмысын басқарушы халық комиссары Сталиннің Алаш автономиясы туралы айтқан сөзінен кейін Кеңес өкіметін Ресейдегі барлық автономиялы халықтардың кіндік үкіметі деуге қаулы қылып, төмендегі өз шарттарын білдіріп: желтоқсанның 5-нен 13-не дейін Орынборда болған жалпы қазақ – қырғыз съезінің қаулысы бойынша тоқтаусыз Алаш автономиясын жариялайтындықтарын, Алаш автономиясының құрамына: Семей, Ақмола, Торғай, Орал, Сырдария, Ферғана, Жетісу, Бөкей ордасы, Закаспий облысының Маңғыстау уезі, Самарқан облысының Жизак уезі, Әмудария бөлімі, Алтай губерниясына қараған Бииск, Барнауыл, Змеиногор уездеріндегі қазақтар мекендеген аудандар еруге тиістігін, Алаш автономиясында заң шығаратын, ел билейтін үкімет Алашорда болатындығын, Қазақ-қырғыз істері туралы елші ретінде Кеңес өкіметінің қасында болуға Алашорда мүшелері Халел және Жаханша Досмұхамедовтер жіберілетіндігін ескертіп, жергілікті Кеңестердің бұйрығы бойынша ұсталып, абақтыда жатқан Алашорданың мүшелерін тоқтаусыз босатып, мұнан былай өтірік шағым – жаламен қуғын-сүргінге ұшыратуды тоқтатуды талап етті.

Өкінішке орай Ұлт істері жөніндегі халық комиссары Алашорданың қойған талап-шарттарына тікелей ресми түрде жауап бермеді. Себебі алашордалықтардың автономия құру жөніндегі талаптары Кеңес өкіметінің мүддесіне қайшы келетін еді. Ұлт мәселесін пролетарлық диктатураның құрамдас бөлігі ретінде қарастыратын Кеңес өкіметіне алаштықтардың ұсынысы кереғар болған еді. Сондықтан да 1918 жылдың 28-наурызында Мәскеуден Қазақ комитетіне И.Сталин және мұсылмандар ісі бойынша комиссар Вахитов қол қойған жеделхат келді. Жеделхатта «Қырғыз істері бойынша Комиссариат құру үшін тез арада өкілдер жіберу» жөнінде айтылды. Мұның өзі Кеңес өкіметінің өлкедегі барлық істі өз қолдарына алғандығын көрсетеді (Бөкейхан, 1994: 45).

Осы жылдың 29-наурызында Семейге Х.Ғаббасовтың атына Мәскеудегі Алашорда үкіметінің өкілдері Халел және Жаханша Досмұхамедовтерден жеделхат келді. Онда Кеңес өкіметінің тұтқынға алған қазақ қайраткерлерін тегіс босату туралы облыстық кеңестерге әмір бергендігі және Алашорда үкіметінің қойған талаптарына таяу арада жауап беруге уәде еткендігі

айтылды. Жеделхатта Ұлт істері жөніндегі халық комиссариаты жанынан қазақ бөлімі ашылып, оның қазақ халқының өкілдерін сайлау құқығы Алашордаға берілетіндігі айтылған. Оған дәлел ретінде Алашорда атынан РСФСР-дің Ұлт істері жөніндегі халық комиссары И.Сталинмен Семейден телеграф сымы арқылы келіссөз жүргізген Х.Ғаббасовтың 1918 жылғы қарашаның 10-ында ОГПУ-дің тергеушісіне берген жауабын келтіруге болады. Онда былай делінген: «Келіссөздерде мен Кеңес өкіметінің декларациясының идеяларына сәйкес қазақ өзін-өзі билеу құқығының кедергісіз жүзеге асырылуын талап еттім және 14 тармақтан тұратын талаптар қойдым. Олардың негізгілері: таратылған қазақ мекемелерін қалпына келтіру, Кеңес өкіметі жағдайындағы ұлттық автономия құру, тұтқындағы қазақ қайраткерлерін босату. Сталиннің жауабының мазмұны Алашорда Кеңес өкіметін мойындағанда ғана Қазақстанның Құрылтай съезін шақыруға әрекеттер жасалады дегенге сайды... Біз Сталинге телеграф арқылы Кеңес өкіметін мойындайтындығымызды мәлімдеп, сол кезде Мәскеуде жүрген Досмұхамедовтерге Орталық үкімет алдында біздің мүдделерімізді қорғауды тапсырдық... Осылайша Халел мен Жаһанша Досмұхамедовтердің Мәскеуге Кеңес үкіметі басшыларымен кездесулері және телеграф арқылы Сталинмен жүргізген келіссөздерінде Кеңес үкіметінің ұлттық – тұтастық негіздегі қазақ мемлекеттігін мойындамайтындығын, тек Кеңестік негіздегі автономия беруге даяр екендігін көрсетіп берді. Қысқасы, Кеңес үкіметінің бұл мәселе жөніндегі позициясы: «Өзін-өзі билеу принципі социализм үшін күрес құралы болуы керек және оның мүдделеріне бағындырылуы тиіс», – деді (Бөкейхан, 1994: 49).

Ақмола облыстық кеңесіне Мәскеуден келген жеделхатта: «Кеңес билігі большевиктердің қабылданған бағдарламасына сәйкес патша өкіметі кезінде қаналған барлық халықтарға автономия береді. Қазақ халқы территориясына лайық автономия құруға дайындала берсін», – делінген (Қойгелдиев, 1995: 330). Әйтсе де іс жүзінде Кеңес өкіметі Алашорда Үкіметінің өзін де, талаптарын да мойындағысы келмеді. Сондықтан да Х.Ғаббасов 1918 жылдың 1-ші сәуірінде РСФСР Халық Комиссарлары мен Ұлт істері жөніндегі комиссариатқа жеделхат жолдап, қазақ халқының ұлттық мүддесін көздейтін Алашорда Үкіметін тез арада ресми түрде мойындауын тағы да талап етті. Кеңес Үкіметі

мұндай талаптарды жауапсыз қалдырды. «Алаш» партиясының бағдарламасы қабылданғаннан кейін алты айдан соң партия қайраткерлеріне «автономияшыл-буржуазиялық топ» – деген айдар тағылды. Ресейдің Ұлттар ісі жөніндегі халық комиссары И.В. Сталин буржуазиялық ұлтшыл топтардың халыққа қарсы табиғатын сынға алуды жалғастырып, 1918 жылғы сәуір айында Қазан, Уфа, Орынбор, Екатеринбург Кеңестері мен Түркістан аймағының Халық комиссарлары кеңесіне және басқаларға өзінің «Кеңес өкіметінің келесі міндеті» атты мақаласында былай деп үндеу жариялайды: «Олардың автономиясын алып қою керек, және оны алдын ала буржуазиялық қоқыстан тазартып, оны буржуазиялықтан Кеңестікке айналдыру керек (Нұрпейісов, 1995: 196).

«Алаш» автономиясы, басқа да ұлттық автономиялар сияқты, іс жүзінде федералды мемлекеттің бөлігі ретінде заңды мағынада автономия болмады (Сталин, 1920: 9). Себебі федеративті мемлекет болған жоқ. Сондықтан болашақ Ресей Федерациясының құрылымында автономия құруға ниеттенген қозғалыс көшбасшылары іс жүзінде егеменді қазақ мемлекетінің негіздерін қалыптастырумен айналысқандықтарын мойындау керек.

Орталықта және шет аймақтарда бір мемлекеттілік пен билікті орталықтандыруға тырысқан большевиктердің саяси басшылары, бұрынғы патшалық аймақтардағы өсіп келе жатқан мемлекеттілік санамен санаспай тұра алмады (Большой юридический энциклопедический словарь, 2005: 392). Сондықтан да «Алаш» автономиясының Кеңес билігімен арасындағы шиеленіскен қарым-қатынас ақыры – Қырғыз Социалистік Автономиялық Республикасын құруға әкелді. 1920 жылдың 6 қазанында Кеңестердің Құрылтай съезі Қырғыз АКСР-нің Қазақ Автономиясын құру туралы Декларациясын қабылдайды. Съезд бұл шешімді тек біржақты РКФСР-дің шешімімен қабыдағандай болды. Сол арқылы, Қазақстанның өз алдына тарихи таңдауға қол жеткізгеніндей кейіп танытты. Алайда, әділ таңдау жасалмады, қазақ халқының мемлекеттік өзін-өзі басқару құқығы бұзылды және жоғары билік өздеріне тиімді болған мемлекеттілікті құрастырды. Дегенмен, басып жаншу мен террор әдістерін таңдаған большевиктер алашордалықтардың көптеген идеяларын қабылдады: автономия, ұлттық мектептер мен университеттердің ашылуы, аппаратты жергіліктендіру.

Біз жүргізген талдаулар көрсеткендей, Алаш қозғалысы өздерінің саяси құжаттарында Қазақстанның іске асыруға тиісті көптеген позицияларын белгіледі. Мысалы, бағдарламада «Ресей демократиялық және федеративтік республика болуы керек, қоғамды Құрылтай жиналысы басқарады, ал Мемлекеттік Дума Президентті белгілі мерзімге тағайындайды. Президент министрлер арқылы басқарады, ал министрлерді (үкіметті) Құрылтай Жиналысы және Мемлекеттік Дума басқарады» деп жарияланған. Сөйтіп, Қазревкомның 1920 жылғы 5 наурызындағы қаулысына сәйкес Алашорда таратылды. Кеңестік негіздегі, пролетариат диктатурасы түріндегі ұлттық мемлекеттікті қабылдамаған, оған қарсы тұрған Алашорда мемлекеті Ресейдің басқа аймақтарындағы жойылған ұлттық қозғалыстар сияқты тарих сахнасынан біржолата кетті. 1917 жылғы қазан революциясы нәтижесінде билікке келген Кеңес Үкіметі сол уақытқа дейін отарлық тәуелділікте азап шеккен қазақ халқына өзін-өзі билеу мүмкіндігін (самоопределение) беру міндетін күн тәртібінен алып тастап, оның орнына тең кеңестік, яғни таптық негіздегі билік жүйесін енгізетінін мәлімдеді.

Қорытынды

Қорыта келе мынандай жағдайға назар аударған жөн. Біз соңғы уақытқа дейін Алаш қозғалысын басым түрде жалпы ресейлік контексте талдап келдік. Қазақ ұлт-азаттық қозғалысының мақсатын тура түсінуде бұл методологиялық әдіс тым шектеулі. Себебі сол кездегі қалыптасқан жағдайлардың және жоғарыдағы талдаулардың көрсетіп отырғанындай: Алаш қозғалысы – бұл антиимпериалистік, отаршылдыққа қарсы мазмұнды және тура бағыттағы қозғалыс. Большевизм өзінің теориялық ұстанымдары мен радикалды реформалық шараларын күшпен енгізе отырып, қазақ ұлт-азаттық қозғалысын әлсіретіп және сөндіріп қана қойған жоқ, қазақ халқын бұрын-соңды болмаған қырғынға ұшыратты, оның қалыптасқан саяси жетекші күшін жойып жіберді. Қазақ жерінде большевиктер жүргізген идеологиялық агрессияны жаһандық эксперимент тұрғысынан бағалауымыз қажет. Неге, себебі: «Алашорда» үкіметінің бағдарламасы қабылданғаннан кейін алты айдан соң партия қайраткерлеріне «автономияшыл-буржуазиялық топ» – деген айдар тағылды. Ресей империя-

сы тарих сахнасынан кеткенмен Қазақстанның саяси бағытын еш өзгеріске әкелген жоқ. Ол РКФСР құрамындағы Кеңестік Ресей билігі орнатқан революциялық комитет басқаратын әкімшілік-территориялық аймақ ретінде қалды. Ал іс жүзінде алаш басшылары егеменді қазақ мемлекетінің негіздерін қалыптастырумен айналысқанын мойындауымыз керек. Кеңес билігі «Алаш» автономиясын мойындамай, оның орнына Кеңестік социалистік автономиялық республиканы құрды.

Ресей федерациясының «Алаш» автономиясын қоспағандығын ескере отырып, «Алаш» автономиясын автономды мемлекеттік бірлік есебінде емес, тәуелсіз мемлекетті жандандырудың әрекеті, – деп санауымыз орынды. Себебі бір мемлекеттілік пен билікті орталықтандыруға тырысқан большевиктердің саяси басшылары бұрынғы отар аймақтардағы өсіп келе жатқан мемлекеттілік санамен санаспай тұра алмады. Сондықтан басып-жаншу мен террор әдісін таңдаған большевиктер алашордалықтардың көптеген идеяларын қабылдауға мәжбүр болды: автономия, ұлттық мектептер, университеттердің ашылуы, аппаратты жергіліктендіру, т.б. Алаштықтардың басты мақсаты автономия құру идеясы болды. «Ә.Бөкейхан мен оның серіктері автономия идеялары, біртұтас және бөлінбейтін Ресей» деп ұрандаған адамдар үшін тиімсіз екендігін жақсы түсінді. Большевиктердің билікке келуі олардың бейбітшілік пен эволюциялық даму жолына қатысты жоспарын бұзды (Нурпеисов Е.К., Котов А.К., 1995: 21). Дегенмен, Қазақ автономиясының шекараларын Кеңес үкіметі Ә.Бөкейхан, А.Байтұрсынов, Ә.Ермеков пен олардың серіктері көрсеткен аумақтық сызықтардан өткізді. Сондықтанда Алаш автономиясының Кеңес билігімен арасындағы шиеленіскен қарым-қатынас ақыры – Қазақ АКСР-нің құрылуына әкелді. 1920 жылдың 6 қазанында Кеңестердің Құрылтай съезі Қазақ АКСР-ні құру туралы Декларацияны қабылдайды. Съезд бұл шешімді тек біржақты РКФС –дің шешімімен қабылдады. Сол арқылы, Қазақстанның өз алдына тарихи таңдауға қол жеткізетіндей кейіп танытты. Алайда әділ таңдау жасалмады, қазақ халқының мемлекеттік өзін – өзі басқару құқығы бұзылды және Ресей билігі өздеріне тиімді болған мемлекеттілікті құрастырды. Сонымен «Алаш» партиясының Қазақстандағы мемлекеттілікті дамыту идеясына талдау жасай келе: «...Алаш партиясы негізгі мүдделерге

сай келетін қоғамды жан-жақты жаңғыртудың кешенді бағдарламасын әзірлеу және әлемдік, ресейлік және ұлттық тәжірибені (социализм, либерализм, ұлтшылдық) оңтайлы үйлестірудің мысалы болып табылады», – деген (М.Шоқай, 1-том, 2002: 105) пікірдің дұрыстығына көз жеткізуге болады. Қорыта келе, біз жүргізген талдаулар көрсеткендей: Алаш партиясының саяси құжаттарында Қазақстанның іске асыруға тиісті көптеген позициялары белгіленген. Мәселен, Ресей демократиялық және федеративтік республика болу керек, қоғамды Құрылтай жиналыс басқарады, ал Мемлекеттік Дума Президентті белгілі мерзімге тағайындайды. Президент министрлер арқылы басқарады, ал министрлерді (үкіметті) Құрылтай жиналыс және Мемлекеттік Дума басқарады» деп жариялаған. (Аманжолова

Д.А., 2011: 10). Бүгінде «Алаш» партиясының бағдарламасы Қазақстан мемлекетінің даму перспективаларына айнала отырып, 1995 ж. Қазақстан Республикасының Конституциясының мазмұнына енді. Қазақстан алдында өз тарихи таңдауы бар – тәуелсіз, демократиялық, зайырлы, егеменді, нарықта өз орны бар мемлекетке айналды. XX ғасыр басындағы Алаш үкіметі, олардың идеялары жаңа тұрпатты қазақ мемлекеттілігінің бастауы және тарихымызда ұлттық басқару жүйесінің алғашқы үлгісі ретінде маңызды орын алады.

Мақала «Қазақстандағы саяси қуғын-сүргін құрбандарын толық заңды және саяси ақтау жөніндегі мемлекеттік комиссия» жұмысы негізінде жазылды.

Әдебиеттер

- Нұрпейісов К. (1995). Алаш хәм Алашорда. Алматы: «Ататек».
ҚР Орталық Мемлекеттік архиві. 424, т.1, іс. 112, 8-п.
Восстание 1916 г. в Средней Азии и Казахстане (1960). Сборник документов. Ред. колл: А.В Пятковский (отв.ред.). Москва: 796 с
«Қазақ» газеті. (1998). Бас редактор Ә.Нысанбаев. Алматы : «Қазақ энциклопедиясы», 320 б.
Омарбеков Т. Омарбеков Ш. (2004). Қазақстан тарихына және тарихнамасына ұлттық көзқарас. Алматы: 325 б.
Қаражанов К.С., Токенов А. (2002). Хрестоматия по новейшей истории Казахстана. Алматы.
Бөкейхан Ә. (1994). Шығармалар жинағы. Алматы.
Зиманов С.З. (1970). В.И.Ленин и советская национальная государственность в Казахстане. Алма-Ата: Издательство наука КазССР. 149 б
Қойгелдиев М. (1995). Алаш қозғалысы. Алматы. 302 б.
Ленин В.И. (1969). Полное собрание сочинении. III т. 1-30 с.
ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, 6 қ. № 011494 іс, 2 т., 15 п.
ҚР Ұлттық Қауіпсіздік Комитетінің Архиві, 6 қ. № 078754 іс, 1 т., 386-387 пп.
Ауанасова А.М. Нурпейсов Е.К. (2017). Партия «Алаш» о казахской государственности // Сборник материалов международной научно – практической конференции. Астана: 81 б.
Қазақстан тарихы. (2010). 4 том. Алматы: Атамұра. 751 б.
Күзембайұлы А, Әбил Е. (1999). История Республика Казахстан. Астана: 243 б.
Алаш қозғалысы. (2008). Құжаттар мен материалдар жинағы. IV т. Алматы: 331 б.
Сталин И.В. Политика Советской власти по национальным делом за три года. 1917 – XII – (1920). Москва: ГИЗ.
Большой юридический энциклопедический словарь (2005). Москва: 392 с
Нурпейсов Е.К, Котов А.К. (1995). Государство Казахстан: от ханской власти к президентской республике. Алматы.
Мұстафа Шоқай. (2012). Шығармалар жинағы. 12 томдық. 1-том. Алматы: 105 б.
Аманжолова Д.А. (2011). Власть культуры и культура власти. Уроки от. А.Букейханова. // Сборник материалов международной конференции. «Алаш мұраты және Тәуелсіз Қазақстан». Астана.

References

- Nurpejiso v K. (1995). Alash ham Alashorda [In Alash and Alashorda]. Almaty: «Atatek».
KR Ortalyk Memlekettik arhivi [Central State Archive of the Republic of Kazakhstan]. 424, t.1, is. 112, 8-p.
Vosstanie 1916 g. v Srednej Azii i Kazahstane (1960). Sbornik dokumentov [Uprising of 1916 in Central Asia and Kazakhstan. Collection of documents.]. Red. koll: A.V Pjatkovskij (otv.red.). Moskva: 796 s
«Kazak» gazeti. (1998). Bas redaktor A.Nysanbaev [“Kazakh” newspaper]. Almaty : «Kazak jenciklopedijasy», 320 b.
Omarbekov T. Omarbekov Sh. (2004). Kazakstan tarihy na zhanе tarihnamasyna ulttyk kozkaras [National approach to the history and historiography of Kazakhstan.]. Almaty: 325 b.
Karazhanov K.S., Tokenov A. (2002). Hrestomatija po novejshej istorii Kazahstana [Reader on the latest history of Kazakhstan]. Almaty.
Bokejhan A. (1994). Shygarmalar zhinagy [Collection of works]. Almaty.

- Zimanov S.Z. (1970). V.I.Lenin i sovetskaja nacional'naja gosudarstvennost' v Kazahstane [V.I. Lenin and the Soviet national state in Kazakhstan]. Alma-Ata: Izdatel'stvo nauka KazSSR. 149 b
- Kojgeldiev M. (1995). Alash kozgalysy [Alash movement]. Almaty. 302 b.
- Lenin V.I. (1969). Polnoe sobranie sochinenii [Complete assembly of essays]. III t. 1-30 s.
- ҚР Ulttyk Kauipsizdik Komitetinin Arhivi [Archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan], 6 к. № 011494 is, 2 т., 15 p.
- ҚР Ulttyk Kauipsizdik Komitetinin Arhivi [Archive of the National Security Committee of the Republic of Kazakhstan], 6 к. № 078754 is, 1 т., 386-387 pp.
- Auanasova A.M. Nurpeisov E.K. (2017). Partija «Alash» o kazahskoj gosudarstvennosti // Sbornik materialov mezhdunarodnoj nauchno – prakticheskoj konferencii [Party “Alash” on the Kazakh statehood // Collection of materials of the international scientific-practical conference]. Astana: 81 b.
- Kazakstan tarihy. (2010). 4 tom [History of Kazakhstan]. Almaty: Atamyra. 751 b.
- Kuzembajuly A, Abil E. (1999). Istorija Respublika Kazahstan [History of the Republic of Kazakhstan]. Astana: 243 b.
- Alash kozgalysy. (2008). Kuzhattar men materialdar zhinagy [Alash movement. Collection of documents and materials]. IV t. Almaty: 331 b.
- Stalin I.V. Politika Sovetskoj vlasti po nacional'nym delom za tri goda [The policy of the Soviet government on national affairs for three years.]. 1917 – XII – (1920). Moskva: GIZ.
- Bol'shoj juridicheskij jenciklopedicheskij slovar' (2005) [Large legal encyclopedic dictionary]. Moskva: 392 s
- Nurpeisov E.K, Kotov A.K. (1995). Gosudarstvo Kazahstan: ot hanskoj vlasti k prezidentskoj respublike [The state of Kazakhstan: from the khanate to the presidential republic]. Almaty.
- Mustafa Shokaj. (2012). Shygarmalar zhinagy [Collection of works]. 12 tomdyk. 1-tom. Almaty: 105 b.
- Amanzholova D.A. (2011). Vlast' kul'tury i kul'tura vlasti. Uroki ot. A.Bukejhanova. // Sbornik materialov mezhdunarodnyj konferencii. «Alash muraty zhane Tauelsiz Kazakstan» [Power of culture and power of culture. Lessons from. A.Букейханова. // Collection of materials of the international conference. “The dream of Alash and independent Kazakhstan”]. Astana.